

8D112-Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау: 8D11210-6D073100-Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы диссертациялық кеңес отырысының

## ХАТТАМА №5

Шымкент қ.

25 қараша 2024 жыл

**ҚАТЫСҚАНДАР:** 4 адамнан тұратын диссертациялық кеңестің 4 тұрақты мүшесі:

**Отырыс төрағасы** – т.ғ.д., профессор Б.Н. Қорғанбаев

**Ғалым хатшы** – философия докторы (PhD) Ш.Қ Шапалов

**Күн тәртібі:**

1. Ізденушінің құжаттарын қабылдау
2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау
3. Ресми рецензенттерді және ізденушінің қорғау күнін тағайындау

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. Ізденушінің диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау:**

6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша А.Б Сатимбекованың ««Қостанай минералдары» АҚ территориясының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында хризотил-асбест қалдықтарынан өңдеп магний тұздарын алу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау;

**Төраға:** Құрметті диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері! 2024 жылдың 25 қарашасында 8D112-Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау: 8D11210-6D073100-Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша диссертациялық кеңестің қажетті кворумы бар. Диссертациялық кеңестің 4 тұрақты мүшесінің 4-і қатысуда. Кворум бар. Диссертациялық кеңестің отырысын ашу туралы қандай пікірлер болады?

**Кеңес мүшелері:** Ашуды ұсынамыз.

**Төраға:** Күн тәртібіндегі мәселе 6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша А.Б Сатимбекованың ««Қостанай минералдары» АҚ территориясының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында хризотил-асбест қалдықтарынан өңдеп магний тұздарын алу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау.

**Ғылыми кеңесшілер:** техника ғылымдарының докторы, профессор Ауешов Абдразах Пернебаевич; техника ғылымдарының кандидаты, доцент Бекалова Алия Аманкуловна.

**Шетелдік ғылыми кеңесшісі:** Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласы Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институты (техникалық университет), химия ғылымдарының докторы, профессор Ивахнюк Григорий Константинович.



Диссертациялық зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасында орындалған. Бұл жұмыс қорғауға алғашқы рет ұсынылған.

Ізденушінің жеке ісіндегі құжаттарды жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Ш.Қ Шапаловқа сөз беріледі.

**Ғалым хатшы Ш.Қ Шапалов:**

Сатимбекова Асем Базаровна, 1983 жылы туылған.

2002-2007 жылдары «Өнеркәсіптік жылу энергетикасы» мамандығы бойынша Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетін бітірді.

2013-2015 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 6M01100 – «Физика» мамандығы бойынша магистратура бөлімін бітірген.

2017-2020 жылдары PhD докторантурасында 6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша оқуын тәмәмдады.

2020-2022 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6B11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығын бітірді.

2012-2024 жылдың тамызына дейін С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Физика және технологиялар» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарды.

2024 жылдың қыркүйегінен бастап Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті «Жер туралы ғылымдар» мектебінде аға оқытушы болып жұмыс жасауда.

ҚР БҒМ БҒССБК ережесіне сәйкес, А.Б. Сатимбекова келесі құжаттарды ұсынды: қатты түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация, үш тілдегі жұмыс аңдатпалары (қазақ, орыс және ағылшын); отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің оң пікірлері; «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының диссертациялық жұмыс туралы қорытындысы; докторлық диссертация тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілер тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі; білім беру бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың нотариалды куәландырылған көшірмелері. А.Б. Сатимбекованың негізгі ғылыми нәтижелері 10 жарияланымда, оның ішінде деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымдарда 4 мақала, ҚР Ғылым және білім саласындағы бақылау комитетінің тізбесі ұсынған басылымдарда 3, халықаралық ғылыми материалдарында – 3 мақала жарияланды және ҚР 1 өнертабысқа патент алынған.

А.Б. Сатимбекованың «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының кеңейтілген отырысында диссертациялық жұмысы 6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылды (24.10.2024 жылғы хаттама №3).



**Төраға:** Аттестациялық істің қолда бар материалдары бойынша ғалым хатшыға сұрақтар барма?

**Кенес мүшелері:** Жоқ.

**Төраға:** Жақсы. Тағы қандай ұсыныстарыңыз бар? Осылайша, А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз болмаса, «иә» немесе «қарсымын» деп дауыс беруді ұсынамын.

Диссертациялық кеңестің мүшелері дауыс береді. Барлығы «иә» деп дауыс берді.

**Төраға:** бірауыздан «иә» деп дауыс берілді, «қарсы» деп дауыс берушілер жоқ. Олай болса №5 хаттамамен А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау жөнінде шешім шығарылады.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау бойынша Ғалым хатшыға сөз беріледі.

**2. Ғалым хатшы Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау туралы:**

1. Махамбетов Мурат Жаракович – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы.

2. Баизбаев Махмед Бейсембекович – т.ғ.к., ҰТҒА корреспондент-мүшесі, еңбекті қорғау жөніндегі Республикалық ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері. Қазақстан Республикасы, Астана қаласы.

3. Самбаева Дамира Асанакуновна – Қырғыз Республикасы инженерлік академиясының академигі, т.ғ.д., профессор, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің «Өндірістік қауіпсіздік және геоэкология» кафедрасының меңгерушісі. Қырғыз Республикасы, Бішкек қ.

**Төраға:** Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің ұсынылған кандидатуралары бойынша сұрақтар бар ма? Егер сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз болмаса, «иә» немесе «қарсы» деп дауыс беруді ұсынамын. Диссертациялық кеңестің мүшелері дауыс береді. Барлығы «иә» деп дауыс берді.

**Төраға:** «иә» деп дауыс бергендер – 4, «қарсы» деп дауыс бергендер жоқ. Бірауыздан қабылданды. Ендігі кезекте ресми рецензенттерді тағайындауға кірісеміз. Ресми рецензенттерді тағайындауды ұсынамыз (рецензенттер жөнінде ақпарат және олардың соңғы бес жылдағы зерттеу тақырыбымен байланысты жарияланған еңбектерінің тізімі хаттамаға қоса беріледі):

1. Исаев Ғани Исаұлы - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Биология» кафедрасының меңгерушісі. Түркістан қаласы.

2. Серикбаева Акмарал Кабылбековна – техника ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Экология және геология» кафедрасының профессоры. Ақтау қаласы.



Рецензенттердің қорғауға қатысуы міндетті. Осыны ескеріңіздер. Рецензенттерді тағайындау бойынша кімде ұсыныстар бар? Дауыс берейік. Диссертациялық кеңестің мүшелері ресми рецензенттер ретінде т.ғ.к, қауымдастырылған профессор, ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі Ғ.И Исаевтың және т.ғ.к, профессор А.К Серикбаеваның тағайындалуына «иә» деп дауыс берді.

**Төраға:** Барлығы «иә» деп дауыс берді. Ендеше қорғау күнін тағайындайық. Қорғау күнін 30 желтоқсан деп тағайындау туралы ұсыныс түсті. Қорғау күнін тағайындау бойынша кімде қандай ұсыныстар бар?

Диссертациялық кеңестің мүшелері қорғау күнін 2024 жылдың 30 желтоқсаны сағат 15:00-ге белгілеуді ұсынады.

### **ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

#### **1. Ізденушінің құжаттарын қабылдау**

А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау.

#### **2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері тағайындалсын:**

1. Махамбетов Мурат Жаракович – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

2. Баизбаев Махмед Бейсембекович – т.ғ.к., ҰТҒА корреспондент-мүшесі, еңбекті қорғау жөніндегі Республикалық ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері.

3. Самбаева Дамира Асанакуновна – Қырғыз Республикасы инженерлік академиясының академигі, т.ғ.д., профессор, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің «Өндірістік қауіпсіздік және геоэкология» кафедрасының меңгерушісі. Қырғыз Республикасы, Бішкек қ.

#### **3. Ресми рецензенттерді және ізденушінің қорғау күнін тағайындау**

##### **3.1 Диссертациялық жұмыстың ресми рецензенттері тағайындалсын:**

Ресми рецензенттер:

1. Исаев Ғани Исаұлы - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Биология» кафедрасының меңгерушісі. Түркістан қаласы.

2. Серикбаева Акмарал Кабылбековна – техника ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Экология және геология» кафедрасының профессоры. Ақтау қаласы.

##### **3.2 Қорғау күні тағайындалсын: 30 желтоқсан 2024 жыл, сағат 15:00.**

Диссертациялық кеңестің төрағасы  
т.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы  
PhD, қауымдастырылған профессор



Корганбаев Б.Н

Шапалов Ш.Қ